

Тимирязев аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 42/1 "2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 маусымдағы № 46/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 маусымда № 6369 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы" Тимирязев аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 42/1 шешіміне (2019 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5759 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданының аудандық бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 5 127 711,5 мың теңге:

салықтық түсімдер – 305 964 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 42 063 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 5 000 мың теңге;

трансферттер түсімі – 4 774 684,5 мың теңге;

2) шығындар – 5 165 848,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 261 048,2 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 274 230,2 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 13 182 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 2 100 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 2 100 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 301 285 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 301 285 мың теңге;

қарыздар түсімі – 274 155,2 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 13 182 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 40 311,8 мың теңге.";

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен 2 270 066,5 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер келесі мөлшерлерде есепке алынсын:

1) 269 824 мың теңге – мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;

2) 46 656 мың теңге – мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

3) 31 448 мың теңге – мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;

4) 2 112 мың теңге – мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

5) 17 459 мың теңге – мәдениет ұйымдары мен архив мекемелерінде ерекше еңбек жағдайлары үшін мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына лауазымдық жалақыға қосымша ақы белгілеуге;

6) 2 615 мың теңге – мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

7) 838 мың теңге – техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар тізбесін кеңейтуге;

8) 15 950 мың теңге – кепілдендірілген әлеуметтік пакетке;

9) 20 097 мың теңге – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

10) 5 528 мың теңге – мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің жалақысына қосымша ақы белгілеуге;

11) 103 661 мың теңге – еңбек нарығын дамытуға, оның ішінде:

жалақыны ішінара субсидиялауға 5 627 мың теңге сомасында;

көшуге арналған субсидиялар беруге 4 839 мың теңге сомасында;

жастар практикасына 8 351 мың теңге сомасында;

тұрғын үйді жалға беру (жалдау) және коммуналдық шығындарды өтеуге 5 726 мың теңге сомасында;

жұмыс берушілерге арналған субсидиялар беруге 5 964 мың теңге сомасында;

ақпараттық жұмысқа 16 мың теңге сомасында;

қоғамдық жұмысқа 41 326 мың теңге сомасында;

жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін қоныс аударушыларға 31 812 мың теңге сомасында гранттар беруге;

12) 1 194 549,5 мың теңге – көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

13) 319 456 мың теңге – жұмыс күші мол өңірлерден қоныс аударушылар үшін тұрғын үй сатып алуға;

14) 37 094 мың теңге – Степное, Комсомольское, Тимирязев ауылдарының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

15) 73 000 мың теңге – Тимирязев ауданы Тимирязев ауылының кентішілік жолдарын орташа жөндеуге;

16) 101 459 мың теңге – білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге;

17) 28 320 мың теңге – Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге.";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен 206 879,6 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер келесі мөлшерлерде есепке алынсын:

1) 3 510 мың теңге – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің ұзақтығы 42 күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын 56 күнге дейін ұлғайтуға;

2) 96 581 мың теңге – жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы жұмысы үшін бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге;

3) 6 613 мың теңге – мектептердің педагог-психологтарының лауазымдық айлықақыларының мөлшерлерін ұлғайтуға;

4) 5 316 мың теңге – жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытқаны үшін қосымша ақы төлеуге;

5) 1 431 мың теңге – жас мұғалімдерге тәлімгерлігі үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

6) 4 379 мың теңге – бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

7) 2 789 мың теңге – бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру қызметкерлеріне дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайтуға;

8) 1 063 мың теңге – орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің ұзақтығы 42 күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын 56 күнге дейін ұлғайтуға;

9) 3 340 мың теңге – терроризмге қарсы қауіпсіздікке – білім беру объектілерін бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етуге;

10) 3 558 мың теңге – аудан мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

11) 11 822 мың теңге – оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге;

12) 22 510 мың теңге – аудан мектептеріне автокөлік сатып алуға;

13) 3 783,3 мың теңге – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге байланысты біржолғы ақшалай көмек төлеуге;

14) 19 816 мың теңге – су тегеурінді мұнаралар мен сорғы ғимараттары құрылысымен су тегеурінді құрылыстар алаңдарын қайта жаңартуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге;

15) 6 800 мың теңге – қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге;

16) 3 991,3 мың теңге – "Аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимаратын ағымдағы жөндеуге;

17) 2 400 мың теңге – жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарында жол белгілерін сатып алуға және орнатуға;

18) 1 930 мың теңге – спорт ұйымдары қызметкерлерінің жалақасын ұлғайтуға;

19) 5 247 мың теңге – эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге.";

10-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10-1. Аудандық бюджетте 218 484,2 мың теңге сомасында Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін ішкі қарыздар есебінен шығындар келесі мөлшерлерде есепке алынсын:

1) 48 307 мың теңге – "Дзержинский негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратын күрделі жөндеуге;

2) 33 473,1 мың теңге – Тимирязев ауылындағы Сулы станциясына дейінгі кентішілік жолды орташа жөндеуге;

3) 33 494,5 мың теңге – Тимирязев ауылындағы Плетнев көшесі бойынша кентішілік жолды орташа жөндеуге;

4) 29 074 мың теңге – Белоградовка астық қабылдау пунктіне кіреберісті орташа жөндеуге;

5) 8 487,6 мың теңге – Докучаево ауылындағы су құбырының су тарату желісін ағымдағы жөндеуге;

6) 9 000 мың теңге – Тимирязев ауылының сумен жабдықтау желілерін ағымдағы жөндеуге;

7) 11 648 мың теңге – Дружба ауылындағы ауылдық клуб ғимаратын ағымдағы жөндеуге;

8) 10 000 мың теңге – Тимирязев ауылындағы қазандықтарды ағымдағы жөндеуге;

9) 35 000 мың теңге – Тимирязев ауылындағы бойынша кентішілік жолдары орташа жөндеуге.";

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. 2020 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 7 520 мың теңге сомасында бекітілсін.";

көрсетілген шешімнің 1, 6-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы

Ж.Жантоков

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

С.Мустафин

Тимирязев аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 17 маусымы
№ 46/1 шешіміне
1-қосымша
Тимирязев аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 42/1 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Тимирязев ауданының бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	5 127 711,5
1			Салықтық түсімдер	305 964
	03		Әлеуметтік салық	139 930
		1	Әлеуметтік салық	139 930
	04		Меншікке салынатын салықтар	87 900
		1	Мүлікке салынатын салықтар	72 500
		5	Бірыңғай жер салығы	15 400
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	73 576
		2	Акциздер	1 365
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	65 233
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6 978
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 558
		1	Мемлекеттік баж	4 558
2			Салықтық емес түсімдер	42 063
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 863
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2 850

		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	13
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	39 200
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	39 200
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	5 000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	5 000
		1	Жерді сату	5 000
4			Трансферттердің түсімдері	4 774 684,5
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	90,4
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен трансферттер	90,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 774 594,1
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4 774 594,1
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	5 165 848,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 33 008,2
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16 544
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 544
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	117 991
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	108 642
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 349
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 8 022,2
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 6 875,2
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	437

		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	310
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	170 451
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 388
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	420
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	149 643
02			Қорғаныс	7 678
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7 678
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3 530
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2 082
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің , сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	2 066
04			Білім беру	2 244 657
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 207 413
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 666
		003	Жалпы білім беру	1 935 917
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	19 529
		006	Балаларға қосымша білім беру	59 202
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	613
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	64 469

		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	3 867
		023	Әдістемелік жұмыс	15 601
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	16 375
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	36 185
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	44 989
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	37 244
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	37 244
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 66 899,6
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2 62 838,6
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 303
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	1 28 345,3
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	41 088
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	1 2 378,3
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	858
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	239
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	25 533
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	26 448
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	6 646

	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 061
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	4 061
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5 81 040,9
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	28 320
		070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	28 320
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	101 459
		026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	101 459
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	7 000
		024	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	7 000
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 44 261,9
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	5 139
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	14 600
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	2 639,9
		020	Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау	170
		025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	14 441
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	3 000
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	49 816
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	354 456
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	240 351

	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	12 457
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 953
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	504
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4 000
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	143 601
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 034
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	700
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	6 097
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	6 720
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	49 853
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	681
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	33 351
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер және ұйымдардың күрделі шығыстары	23 398
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	2 767
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	84 293
		021	Спорт объектілерін дамыту	84 293
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	61 815
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	10 065
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	10 065

	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14 635
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 798
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	2 567
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	270
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	37 115
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 343
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	502
		012	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	300
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	5 247
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	1 223
12			Көлік және коммуникация	1 218 649,5
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 218 649,5
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	22 060
		034	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	1 194 549,5
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	2 040
13			Басқалар	16 763
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 520
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	7 520

	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9 243
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 243
14			Борышқа қызмет көрсету	38,8
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38,8
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	38,8
15			Трансферттер	1 94 947,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 94 947,3
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1 4 414,3
		038	Субвенциялар	165 768
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	14 765
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	2 61 048,2
			Бюджеттік кредиттер	2 74 230,2
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 31 103,2
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	11 648
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	11 648
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 19 455,2
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	1 19 455,2
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	58 307
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	48 307

		026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	48 307
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	10 000
		042	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу және абаттандыру	10 000
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	55 746
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	55 746
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	55 746
12			Көлік және коммуникация	29 074
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	29 074
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	29 074
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	13 182
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	13 182
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген, бюджеттік кредиттерді өтеу	13 182
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	2 100
			Қаржы активтерін сатып алу	2 100
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
13			Басқалар	2 100
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық	

	495		шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 100
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	2 100
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 301 285
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	301 285
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7			Қарыздар түсімдері	2 74 155,2
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	2 74 155,2
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	2 74 155,2
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16			Қарыздарды өтеу	13 182
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13 182
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	13 182
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Пайдаланатын бюджет қаражатының қалдықтары	4 0 311,8
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	4 0 311,8
		1	Бос бюджет қаражатының қалдықтары	4 0 311,8

Тимирязев аудандық
 мәслихатының
 2020 жылғы 17 маусымдағы
 № 46/1 шешіміне
 2-қосымша
 Тимирязев аудандық
 мәслихатының
 2019 жылғы 25 желтоқсандағы
 № 42/1 шешіміне
 6-қосымша

2020 жылға арналған 451-007 бағдарламасы бойынша "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына

әлеуметтік көмек" жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға төлем тізбесі

№ р/н	Төлемдер түрлері	Сомасы (мың теңге)
1	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне залал келуі	265
2	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	557
3	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдар	14
4	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының , Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яғни ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілер	478
5	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары	42
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адамдар	40
7	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар	168
8	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен, I, II дәрежелі "Ана Даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналар	3 128
9	Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесіне ие зейнеткерлер, облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматтары	318
10	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары	157
11	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдардың тіс протездеуге мұқтаждығы	79

12	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдардың Қазақстан Республикасының санаторийлерінде және профилакторийлерінде санаторлық-курорттық емделуге мұқтаждығы	265
13	Амбулаторлық емделуде жатқан азаматтарда туберкулездің белсенді түрінің болуы	1527
14	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу үшін шығынның орнын толтыруға мұқтаждығы	239
15	Адамның (отбасының) ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысының болуы	66
16	Семей ядролық полигоны аймағында зардап шеккен адамдардың Қазақстан Республикасы аумағы бойынша көрсетілген көлік құралдарының бір түрімен жөнелту станциясынан емдеуге жатқызу орнына дейін және кейін теміржол (плацкартты вагон), автомобиль жолушылар көлігімен (таксиден басқа) жол жүруіне мұқтаждығы	218
17	Құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы	1020
18	Екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізушілердің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (күйеулері)	14
	Барлығы	8 595